

Қараоба ауылдық округі- Қараоба ауылынан оңтүстікке қарай 12 шақырым жерде орналасқан Энгельс елді мекені қазіргі таңда «Әжікей сайы» деп аталады,-екен. Аталған елді мекенде Ғұмар Қарашқа дәріс беріп, бабамыздың дана да, дара адам болып қалыптасуына себепші болған алғашқы ұстазы Омар Жазықұлы бабамыздың зираты жатыр. Шындығын айтқанда бұған дейін Омар бабамыздың атын экспедиция құрамындағылардың бірде-біреуіміз естіген жоқпыз. Байбақтының «Есен беріш» бөлімінен тараған Омар баба ХІХ ғасырда нақты айтқанда 1821-1890 жылдар аралығында өмір сүрген. Ескіше оқып, арабша сауат ашқан бабамыз ауыл-аймағына «Қалпе» (Халфа) деген атпен жақсы таныс, діндар адам. Үлкендердің айтуы бойынша Омар ұстаз болып бала оқытқан, бай кітапханасы болған және ауру адамға ем жасайтын емшілік қасиетте, бабаның бойынан табылған. Әлі күнге дейін ұшынған, қаққан, соғылған адамдар бабаның басына барып түнеп, мал сойып мінажат ету ісін жалғастырып келеді. Ғ.Қарашты зерттеген тарихшы ғалым Исатай Кенжалиев оның Смағұл Қашқари, Ғұбайдолла Ғалікеевтер мен есімі қатар аталатын ұстазы Омар жөніндегі деректерді де, өзінің Ғұмар Қараш атты зерттеу еңбегіне кіргізді. Ел тарихы мен өлкетану ісіне аса сақтық пен әрі шынайы жанашырлық сезіммен қарайтын Қараоба ауылындағы қара шаңырақ Ғ.Қараш атындағы Қараоба мектеп-гимназиясының директоры Руслан Бекежанұлы баба жөніндегі құнды тарихи деректерді баяндай келе, бізге Қалпе атаның жалпы өмірі жазылған мәлімет көзін және Қараоба ауылының үлкендері Д.Есекенова, А.Айтимова, Г.Қапаровалардың әңгімелері қағазға түскен тың тарихи деректерді табыстады. Есімдері аталған ауыл әжелерінің дерегіне сүйенсек, тірі кезінде 12 рет қажыға барған кейіпкеріміздің бейітіне заманында Ресейден, Қазаннан басқа да жерлерден дертіне шипа іздеген талай қандастарымыз жиі келіп, түнеген. Бала көтере алмай жүрген әйелдер бала көтеріп, құтырған адамның да, қағып кеткен адамның да есін жиғызып, дерттерінен құлан таза қылып айықтырып жіберген деген дерек көздерін ауыл әжелерінің әңгімелерінен кездестірдік. Заманында Қалпе атаның мешітін бұзып әкеліп, Қараоба ауылынан мектеп салған екен. Әлгі мектептің ішінде түнде шам жанып тұрған және жүрген адамның дауысы естілген деген, және бабаның мешітін бұзуға ешкімнің батылы бармай, тылсым күштің кері әсері тракторды жүргізбей қойған деген деректер бар. 2017 жылғы 6-10 қыркүйек күндері аралығында Казталов ауданында тұңғыш рет ұйымдастырылған «Ғұмар Қараш ізімен» атты тарихи-танымдық экспедициясы жөнінде аудандық «Ауыл айнасы» газетінің 2017 жылғы 15 қыркүйек күнгі №37 (8390) санының 6-шы бетінде журналист Жұлдыз Асқарқызы мен өлкетанушы Миржан Қарабалиннің экспедицияның өту барысы жөнінде шолу жасаған «Ғұмар Қараш ізімен» атты топтамалық

мақалаларында, ал өлкетанушы М.Қарабалиннің 2017 жылғы 3 қараша күнгі «Ауыл айнасы» газетінің №44 (8397) санында «Экспедициядан түйгеніміз мол» тақырыбындағы көлемді зерттеуінде де, Омар баба туралы ел аузындағы шерлі шежіреге толы тарихи деректер баяндалды. Ал Қараоба ауылының кітапханашысы Лаура Әдиетқызы өзінің аудандық үн параққа 2017 жылғы 24 қарашадағы №47 (8400) нөмірінің 3-ші бетіндегі «Ел аузынан» айдарындағы Омар Жазықұлын білеміз бе? тақырыбындағы іздестіру-зерттеу мақаласында Қараоба ауылының үлкендері Дәметкен Есекенова, Іңкәш Шакуова, Қадыржан Ғазизов, Ақсұлу Әйтимова, Гүлжиян Қапарова, Талапқали Иманғалиев, Сағынғали Дүйсеков сынды ауыл үлкендерінің ауыздарынан естіген тың деректерін баяндаған. Үлкендердің сөзіне сенсек Омар бабамыздың Ғұмар Қараш пен бірге жүрген Шәріп деген жалғыз баласы болған. Ғұмар әлемнің 7 тілін, ал Шәріп 5 тілін жетік білген. Шәріп Қажыға барған дана адам. Шәріптің тұрған үйі Қараоба ауылындағы Қыдырғали Серғазиев деген ауыл азаматы отырған үйдің артқы маңайында үлкен кара тапаудың орны деген мәліметтерді алға тартқан. Азамат соғысы жылдарында Қараобаның аумағындағы «Әжікейсай» мен «Әбдіреш» елді мекендерінің арасында ақтар мен қызылдардың соғысы болған. Сол жерде аққан қызыл қан екі ортада су секілді ағып жатқан. Ақтар қыз-келіншектерге ұрнып маза бермеген соң, ер адамдар шын ниеттері мен Қалпенің (Халфа) басына келіп түнеген. Содан ақтар әлсіреп, қызылдар оларды жеңген деген де, пікірлер бар.